

**Созақ ауданының білім
«Саржаз» шағын жинақты негізгі
орта мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім
беру қызметін өзін-өзі бағалауы**

2023-2024 оқу жылы

Өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы қорытынды

«Саржаз» шағын жинақты негізгі орта мектебі"

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Сарыжаз ауылы

«11» 06.2024 жыл

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалаудың өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып Созақ ауданының білім бөлімінің «Саржаз» шағын жинақты негізгі орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2022 жылғы 9 қарашадағы «2023 жылға арналған мемлекеттік аттестатауға жататын білім беру ұйымдарының тізімін бекіту туралы» №818 бұйрығының тізбесіне сәйкес 3 маусым мен 10 маусым аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалауды білім беру ұйымы басшысының 2024 жылғы «03» маусым №28 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда (бұдан әрі – комиссия) өткізілді:

1. А.Байдилдаева - «Саржаз» шағын жинақты негізгі орта мектебі директоры, комиссия төрайымы
2. М.Естанов – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
3. Г.Абшенова - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
4. Т.Сейтінбет – мектеп психологы, комиссия мүшесі
5. Р.Төрекұл мектеп директорының шаруашылық істері жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
6. А.Дастанова – бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі ,хатшы

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізудің негізгі бағыттары мен зерделеу объектілері бойынша өзін өзі бағалау құрылымының әдістемелік ұстанымын басшылыққа ала отырып білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

«Саржаз» шағын жинақты негізгі орта мектебінің жалпы сипаттамасы

Жарғыға / құрылтай құжаттарына сәйкес қазақ, орыс тілдеріндегі білім беру ұйымының толық атауы	
Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің "«Саржаз» шағын жинақты негізгі орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Коммунальное государственное учреждение "Малокомплектная основная средняя школа «Саржаз» отдела образования Сузакского района управления образования Туркестанской области
Білім беру ұйымының орналасқан жері туралы мәліметтер	
Облыстың атауы	Түркістан облысы
Қаласы/ауылы	Созақ ауданы , Сарыжаз ауылы
Көшенің атауы	41
Пошта мекен-жайы индексі	161001
Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)	
Телефон	8-725-46-3-33-53
Электрондық пошта	ssarzhaz@mail.ru
web-сайт	ssarzhaz-sozak.edu.kz
Занды тұлға өкілінің байланыс деректері	
Бірінші басшының аты-жөні	Байдилдаева Алма Оразовна
Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі	24.01.2023 жыл. Оңтүстік Қазақстан облысы «Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №120 бұйрығы

Бірінші басшының байланыс телефондары (жұмыс / ұялы телефон)	+7 7786314822
Бірінші басшының электрондық поштасы	alma bajdildaeva@mail.ru
Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар, рұқсат етуші құжаттар	
Жарғы	Жарғы Түркістан облысы әкімдігінің қаулысымен бекітілген 11.09.2023 ж. №1393-1959-КММ қайта тіркеу
Лицензия	22.09.2023 ж. № KZ30LAA00034969 білім беру қызметіне Лицензия
Өзін өзі бағалау құжаттары	
Өзін –өзі бағалау негізі	Бұйрық №8 03.06.2024ж
Есепті қалыптастыру күні	10.06.2024ж

2. Кадрлық құрамға талдау

Білім беру ұйымдарында ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына сәйкес 23 педагог педагогикалық қызметін жүзеге асырады. Оның мектепалды даярлық сыныптарындата сабақты жоғары педагогикалық білімі бар 2 педагог жүргізеді, оның 2-уі де бастауыш білім беру саласында дипломы бар. Педагог психолог – 1, қосымша білім беру педагогы – 3, кәсіптік бағдар беру педагог -1.

Негізгі білім беретін мектепте 23 педагог сабақ жүргізеді, оның ішінде 23 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі бар. Қазіргі таңда педагогикалық жұмыс өтілі 3 жылға дейін - 4 педагог, 3-5 жылдан бастап - 3 педагог, 6-10 жылдан бастап – 5 адам, 11-15жылдар –5, 16-20 жылдар – 2, 20 – дан жоғары 4 педагог

Бастауыш мектепте 4 педагог сабақ жүргізеді, оның ішінде 4 педагог – сарапшы.

Бастауыш мектептегі сарапшы педагогтердің үлесі- 100 %-ды құрады (білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2- қосымшаның 4.1 – тармағы " жақсы" бағасына сәйкес келеді).

Негізгі және жоғары сыныптарда – педагог, оның ішінде 2 - педагог-зерттеуші, , 2 педагог- сарапшы, 1- магистр сабақ жүргізеді.

сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің үлесі- 35,4 %-ды құрады (білімберу ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 2-қосымшаның 5.4 – тармағы "төмен" бағасына сәйкес келеді).

Біліктілікті арттыру курстарынан 18 педагог келесі бағыттар бойынша өтті: пәндік бағыты бойынша барлық мұғалімдер 80 сағаттық курстан өтті. 1 педагог өзінің лауазымы бойынша өтті.

3. Білім алушылардың контингенті.

Білім деңгейі	Жобалық мүмкіндік	Жалпы оқушы	1-4 сынып	5-9 сынып
Жыл басы	75	69	29	40
Жыл соңы		63	25	38

Бастауыш сыныптарда, жыл соңында балалар саны 4 оқушыға, негізгі сыныптарда 2 оқушыға азайған. Оқушылар контингенті жалпы оқу жылының басында 69 оқушы болса, соңында 63 болып 6 оқушыға кеміді. 2023 жылдың қыркүйек айы мен мен 2024 жылдың маусым айына дейін 6 бала мектеп есебінен шығып кетті, жекеменшік мектептерге-4, басқа мектепке -2 оқушы кетті .

4.2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

4.2.1 Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

4.2.2 Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы

МЖМББС, ҮОЖ және ҮОБ сәйкес сыныптар бойынша шектік жүктемелердің сақталуына талдау.

2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш сыныптардағы апталық оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ сынып- жиынтықтар	Мектепалды даярлық сыныптары		
	Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі
МАД /2	20	20	
Барлығы 2 сынып	20	20	

Сыныптар/ сынып- жиынтықтар	Бастауыш сыныптары			
	Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі	Түзету компоненті
1	19,5	18,5	1	
2	24	22	2	
3	26	25	1	
4	26	25	1	
Барлығы 4 сынып жиынтығы	95,5	91,5	4	

2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің апталық оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі
5	28/2	28,5/2	0,5
6	28/2	28,5/2	0,5
7	31/1	31,5/1	0,5
8	32/1	32,5/1	0,5
9	33/1	34/1	1
Барлығы 20	152/7	155/7	3

2023-2024 оқу жылында:

Мектепалды даярлық сыныптарында қазақ тілді 2- сынып жиынтығы, (0а,0ә) апталық оқу жүктемесі -20 сағат,оның ішінде «Физикалық дағды» - (аптасына -3сағаттан), «Коммуникативтік дағды»- 297 сағатты (аптасына - 9сағаттан), «Танымдық және зияткерлік» дағды -99 сағатты (аптасына - 3сағаттан), «Шығармашылық дағды» -198сағатты (аптасына - 1сағаттан), «Әлеуметтік эмоционалды дағды» -66 сағатты (аптасына - 2сағаттан), барлығы (аптасына -20сағаттан),

Бастауыш сыныптар бойынша барлығы 4 сынып комплектісі бар.

1-сыныпта – 1 сынып жиынтығы,орыс тілді сынып жиынтығы жоқ;

2-сыныпта – 1 сынып жиынтығы, орыс тілді сынып жиынтығы жоқ;

3-сыныпта 1-сынып жиынтығы, орыс тілді біріккен жиынтығы жоқ

4-сыныпта 1-сынып жиынтығы, орыс тілді біріккен жиынтығы жоқ

1-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/
19,5сағат,оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі-18,5сағат,вариативтіік оқу жүктемесі-1сағат

«Тіл және әдебиет» бойынша-(аптасына -6сағаттан),

«Математикажәне информатика» -(аптасына 4,5сағаттан),

«Жаратылыстану»- (аптасына -1сағаттан),

«Адам және қоғам»- (аптасына -1сағаттан),

«Технология және өнер»- (аптасына -3сағаттан),

«Дене шынықтыру» - (аптасына -3сағаттан),

Инвариативті оқу жүктемесі-18,5сағат,

«Көркем жазу» вариативті оқу жүктемесінен -1 сағат.Барлығы-19,5сағат

2-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/ -24

сағат,оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі-22 сағат,

вариативтік оқу жүктемесі-2сағат

«Тіл және әдебиет» бойынша- (аптасына-9сағаттан),

«Математика және информатика» - аптасына -5сағаттан),

«Жаратылыстану»- аптасына -1сағаттан),

«Адам және қоғам»- (аптасына -1сағаттан),

«Технология және өнер»- аптасына -3сағаттан),

«Дене шынықтыру» - (аптасына -3сағаттан),

Инвариативті оқу жүктемесі сағат,

«Қызықты грамматика» вариативтіоқу жүктемесі-1, ғажайып математика

1 сағат.Барлығы-24 сағат

3-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/-

26сағат,оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі-25сағат,вариативтіік оқу

жүктемесі-1сағат

«Тіл және әдебиет» бойынша- (аптасына-11сағаттан),

«Математика және информатика» (аптасына-6сағаттан),

«Жаратылыстану»-(аптасына-2сағаттан),

«Адам және қоғам»-аптасына -1сағаттан),

«Технология және өнер»- (аптасына -2сағаттан),

«Дене шынықтыру» - (аптасына -3сағаттан),

Инвариативті оқу жүктемесі 25 сағат,

«Қызықты грамматика » вариативті оқужүктемесі-1 сағат. -Барлығы-26

сағат,

4 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/

26сағат,оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі-
25сағат,вариативтіік оқу жүктемесі-1сағат

«Тіл және әдебиет» бойынша- (аптасына-11сағаттан),

«Математика және информатика» (аптасына-6сағаттан),

«Жаратылыстану»- (аптасына-2сағаттан),

«Адам және қоғам»-(аптасына -1сағаттан),

«Технология және өнер»- (аптасына -2сағаттан),

«Дене шынықтыру» - (аптасына -3сағаттан),

Инвариативті оқу жүктемесі-25сағат,

«Қызықты грамматика » вариативтіоқу жүктемесі-1 сағат. -Барлығы-26 сағат

5 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/ апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28,2 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 0,5 сағатты құрады:

«Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат,
» Жаратылыстану » - 2,

«Адам және қоғам » - 3 сағат, «Технология және өнер » - 3,

«Дене шынықтыру» - 3 сағат. Вариативті компонент -0,5 сағат.

Вариативті компонент оның ішінде – 0,5 сағат. Барлығы – 28,5 сағат.

6 сыныптарда жұмыс оқу бағдарламасы /оқыту қазақ тілінде/ бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28/2 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 11 сағатты құрады: «Тіл және

әдебиет»-11 сағат, «Математика және информатика»-6 сағат, «Жаратылыстану» - 2, «Адам және қоғам» - 3 сағат, «Технология және өнер» - 3, «Дене шынықтыру» - 3 сағат. Вариативтік компонент 0,5сағат.
Барлығы – 28,5 сағат.

7 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/ максималды көлемі 31,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 31 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 7, «Адам және қоғам» - 3 сағат,«Технология және өнер» - 1, Дене шынықтыру - 3 сағат. Вариативті компонент – 0,5 сағат.

Барлығы – 31/1 сағат.

8 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/ максималды көлемі 32/1 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 32 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 8, «Адам және қоғам» - 3 сағат,«Технология және өнер» - 1/1, Дене шынықтыру - 3 сағат. Вариативті компонент – 0,5 сағат.

Барлығы –31,5/1 сағат.

9 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/ максималды көлемі 34 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 33 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 8, «Адам және қоғам» - 4 сағат,«Технология және өнер» - 1/1, Дене шынықтыру - 3 сағат. Вариативті компонент – 1 сағат.

Барлығы –34.1 сағат.

Мектептің **2023-2024 оқу жылына** арналған оқу жұмыс жоспары
«Қазақстан Республикасындағы бастауыш , негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-

ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде құрылған.

Оқыту « Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы арқылы жүзеге асырылады.

Оқу жоспары бастауыш, негізгі, орта мектептің оқыту міндетіне сәйкес қажетті мазмұны мен көлемін сақтайды. Оқу процесін ұйымдастыру «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хаты басшылыққа алынды.

Қазақ тілінде оқытылатын оқушылар үшін "Әліппе", "Ана тілі" пәндері бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері "Әліппе" оқулығымен 1-жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері "Ана тілі" оқулығымен 2-жартыжылдықта;

Сыныпты екі топқа бөлуге білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны 20 және одан артық болғандықтан бастауыш сыныптарда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі бойынша;
- 2) шетел тілі бойынша;
- 3) цифрлық сауаттылық бойынша (1 сыныптан басқа)

4) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша сыныпты екі топқа бөліп жүзеге асырылады.

Сыныпты екі топқа бөлуге білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны 20 және одан артық болғандықтан негізгі білім беру курсы бойынша:

1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша;

2) шетел тілі бойынша;

3) көркем еңбек

4) информатика пәні бойынша сыныпты екі топқа бөліп жүзеге асырылады.

Мектебіміздің сыныптарында білім алушылар саны 20 және одан да артық болғандықтан , оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша екі топқа бөліп оқыту іске асырылып жатыр.

Сыныпты екі топқа бөлуге білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны 20 және одан артық болғандықтан жалпы орта білім беру білім беру курсы бойынша:

1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша;

2) шетел тілі бойынша;

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіліп жатыр. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылып жатыр. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылғандықтан оқу процесі кезінде жүргізіліп жатыр. «

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырылуда.

4.2 Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.

Мектебіміз 2023-2024 оқу жылын жалпы оқушы саны – 69/26 1-4 сыныптарда 29/10 оқушы 4 сынып комплектісінде қамтылған. 5-9 сыныптарда 40/16, 5-9 сынып аралығында 5 сынып комплектісі

. Сонымен қатар мектепалды даярлық тобында 2 сынып 14 бүлдіршін қамтылған. Жалпы мектеп бойынша 11 сынып комплекті бар.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде тәрбиенің жылдық жоспары оқу жылының басында жасалынды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

«Ұлттық мүдде» құндылығы бойынша төмендегі іс- шаралар атқарылды




- **5-қыркүйек - А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған “Тіл тазалығы”, “Ұлы даланың - ұлт аралық тілі” тақырыбында тәрбие сағаттары . Ұлттық мұраны қастерлеуге , мемлекеттік қазақ-тілін , мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге және де әрқашанда татулықта, келісімде, ынтымақтастықта болу мақсатында іс-шаралар өтілді.**



- **11 қыркүйек- “Отбасы бақыт мекені” тақырыбында тәрбие сағаттары барлық сыныптарда өткізілді. Тәрбие сағатында ата-ананың өсиетін тыңдауға , отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге ,перзенттік парызын өту керек екендігі айтылды.**

«ЖЕР-2023» жалпы республикалық командалық-штабтық сейсмо жаттығуға даярлық және өткізу» жоспарына сәйкес, сейсмо жаттығу талапқа сай, өз деңгейінде ұйымдастырылып өткізілді. Терроризмге қарсы қорғану мақсатында қыркүйек айында 2023 жылы оқу-жаттығу өткізілді. Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы және олардың қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау" тақырыбында мектепшілік оқу-жаттығу өткізілді.



25-қараша мен 10- желтоқсан аралығында «Зорлық- зомбылықсыз 16күн» акциясы және «Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне» орай «Отбасы- адам тұлғасының белгісі» тақырыбындағы іс-шара жоспарына сәйкес желтоқсан айында 5,6,7 және 8,9 сыныптар өткізілді.



- **“Еңбегі адал жас өрен” жобасы аясында “ Адал азамат -адал еңбек” тақырыбында еңбек ардагерлерімен кездесу .**



17-қараша «Алтын сақа» республикалық челленджі өткізілді. Іс-шарада «Бес табан», «Бес асық» ұлттық асық ойындары ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін эстетикалық патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды дәріптеу.

“Ұлттық тәрбие-зорлық зомбылықтың алдын алу!”



5-6 сынып оқушылары арасында үстел теннисінен жарыс өткізілді



«Салдауатты өмір салтын насихаттау» нашіақорлыққа қарсы күрес мақсатында өткізілген кіші волейболдан жарыс




7-8-9 сыныптар аралығында «Біз зорлық зомбылыққа қарсымыз» фитнес ой ұйымдастырылды



“Отбасы -бақыт бесізі”



Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарын іске асыру аясында өткізілген іс-шаралар. Ақыл айтпа, жол көрсет! Ата-аналар жиналысы.



15-желтоқсан күні 2-9 сыныптары «16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне» орай "Көктудың желбірегені" тақырыбында ақпараттық-танымлық ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл болуға; мемлекеттік рәміздерді қадірлеуге; елінің тарихын құрметтеуге; бейбітшілік пен татулықты берік ұстануға үйрету.

25 қазан «Республика күні» мерекесіне орай 8-9 сынып ұйымдастырылған «Қыран елі Қазақстан» атты іс-шара өткізілді



Төтенше жағдай оқу жаттығуы өткізілді.



“Қыран елі - Қазақстан!”



Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі «Наурызнама» 10 күндігі шеңберінде түрлі бағытта іс-шаралар ұйымдастырылды.





«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында оқушылар мен қызметкерлер кент аймағына абаттандыру, ағаш егу жұмыстарын жүргізді. Тал ағаштарын әктеу, сырлау, қоқыстарды жинау сияқты тазалау жұмыстары өз деңгейінде өтті. Келешек ұрпаққа табиғатты қорғау, туған өлкеге деген құрмет секілді азаматтық құндылықтарды бойына дарыту іс-шараның басты мақсаты болды.



1-4 сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, ана тілін қастерлеу. Оқушылардың сөздік қорын молайту, жұрт алдында еркін ауызекі сөйлеуге баулу.

30-қараша күні «Нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес, кәмелеттік жасқа толмағандарды суицидтің, ерте жүктіліктің, құмар ойындарға тәуелділік, басқа да құқықбұзушылықтардың алдын алу» тақырыбында мамандармен кездесу. Сондай-ақ 8,9 сынып оқушыларына өзекті мәселелердің (өз-өзіне қол жұмсау, құқықбұзушылық, нашақорлық, ертежүктілік, тәуелділіктің және аутодеструктивті мінез құлықтың) алдын алу мақсатында семинар-тренинг өткізді. Сонымен қатар, оқушыларға терроризм актінің қауіпі туындаған немесе терроризм акті жасалған жағдайдағы әрекеттер туралы жадынаманы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«Ар- ұят» құндылығы бойынша мынандай іс-шаралар атқарылды

«1-қазан Халықаралық қарттар күні» мерекесіне орай мектебіміздің «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Аталған іс-шараға кентіміздің құрметпен зейнетке шыққан ата-әжелеріміз қонаққа келіп, білім нәрімен сусындап жатқан оқушыларымызға ақ батасын беріп, өнерлерін тамашалады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының алғашқы жиналысы ұйымдастырылды. Жиында ата-аналарға педагогикалық және психологиялық кеңестер берілді.

25- қарашамен 10-желтоқсан аралығында «Зорлық- зомбылықсыз 16 күн» акциясы және «Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне» орай «Отбасы- адам тұлғасының белгісі» тақырыбындағы іс-шара жоспарына сәйкес 8-желтоқсан күні Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында «Отбасы-бақыт мекені» атты семинар- тренинг болып өтті.

«Алғыс айту - парызым!» атты тәрбие сағаттары мен түрлі іс-шаралары өткізілді. Мақсаты: оқушылардың жанұяға, ата-анаға, үлкен-кішіге деген сүйіспеншілік және сыпайылық қарым-қатынастарын дамыту. Ризашылықпен ізеттілік туралы түсінік беріп, бір-бірімен үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету.



Оқушылар бойында отбасылық құндылықтарды дарыту мақсатында 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай тәрбие сағаттары мен мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарына арналған педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес "Баланың тапқырлығы мен ой-өрісін қалай дамытуға болады" тақырыбында тренинг сабағы өткізілді.

МАД оқушылары "Көкөністер мен жемістер дауы" ертегісін қойды. "Бала тілі бал" демекші балапандардың тәтті былдыр тілімен сахналық қойылымы өте тартымды болды. Ертегі қойылымдары әр балаға қуаныш, қызық, ұмтылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық, қиялын дамытатынын ескере келе алдағы уақытта тағы да көптеген танымдық сабақтар болары сөзсіз.



«Талап» құндылығы бойынша мынандай іс-шаралар атқарылды

3-сынып оқушылары мен ата-аналары арасында отбасылық, тәрбиелік танымдық сағаты болып өтті. Мақсаты: отбасы құндылықтарын кеңінен дәріптеу, рухани адамгершілік қасиеттерін нығайту. Сайысқа қатысқан әрбір отбасы салт-дәстүр, тәлім-тәрбие жайлы өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісті.

Балалар мен жастардың уақытты дұрыс жоспарлау, қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған тәрбиелік және мәдени ағартушылық сабақ өткізілді. Іс-шара жоспарына сәйкес оқыту бейнероликтері мен қаржылық сауаттылық негіздері және интернет алаяқтық пен қаржы пирамидаларының қауіптілігі жөнінде дәріс тренинг ұйымдастырылды.

"ДосболLike: достық қолын ұсын" акциясы шеңберінде оқушылардың жағымды қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақсатында әртүрлі бағытта іс-шаралар ұйымдастырылды.

8,9 сыныптар арасындағы дөңгелек үстел болып өтті. Тақырыбы: Вейптің өскелең ұрпақтың өмірінде алатын орны. Мақсаты: Вейптің денсаулыққа зияны және одан туындайтын ауру түрлері жайында сұхбаттасу. Хал-ақуалы мықты ұрпақ болу үшін электронды темекіден, ішімдіктен, нашакорлықтан сақтандыру және бұл заттардың олардың болашағына жау екендігін түсіндіру.

9 сынып оқушылары арасында "МЕНИҢ БИЗНЕС ИДЕЯЛАРЫМ" тақырыбында жобалар байқауы өткізілді. Оқушылар берілген критерий бойынша жан-жақты зерттеп, ізденіп келген жұмыстарын ұсынды.



патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

2023-2024 оқу жылындағы үйірме жұмыстары.

ақылы негізде 3 үйірме, барлығы 3 қосымша білім беру үйірмелері жұмыс атқарды. Күнтізбелік тақырыптық жоспар жасалынып бекітіліп, кестесі жасалынып уақыттары апта күндеріне қойылған. Ақылы негіздегі қосымша білім беру: «Стол теннисі» Нәби Бақдәулет, «Ән үйірмесі» Бердәлі Әйгерім, «Шебер қолдар» Мұхы Әйгерім

. Үйірме жұмыстарын ұйымдастыру үшін барлығы 2,5 бірлік жүктеме қамтылды.

2023- 2024 оқу жылындағы жалпы үйірмелер

к\с	Үйірме атауы	Үйірме жетекшісі	Сағат жүктемесі
1	«Стол теннисі»	Нәби Бақдәулет	1
2	«Шебер қолдар»	Мұхы Әйгерім	0,5
3	«Ән үйірмесі»	Бердәлі Әйгерім	1

2023-2024 оқу жылындағы үйірме жұмыстарының жетістіктері:

1. Ұлттық мектеп лигасы бойынша стол теннистен 5-6 оқушылар сыныптар арасында аудандық жеңімпазы. Жетекшісі: Нәби Бақдәулет

4. 3. сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2023 -2024 оқу жылы Түркістан облысының білім басқармасының 2023 жылғы 31 тамыздағы №40-01-04/6669 хатына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 29 тамыздағы №01-2-15/5174-И хатына сәйкес меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан 2023 – 2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды.

2023 -2024 оқу жылының басталуы - 2023 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленді, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді.

Оқу жылының ұзақтығы бірінші сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып , қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күніне ауыстырылды. Оқу жылының барысындағы каникулдар: 1-11 сыныптарда : күздік каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан – 5 қараша аралығында), қысқы каникул –10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан – 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында). 1 сыныптарда: қосымша каникул - 7 күн мерзімде (2024 жылғы 5 – 11 ақпан аралығында) қосымша каникул белгіленді.

5. Оқу – материалдық активтер

Мектеп ғимараты үш қабатты және жапсарласа салынған екі қабатты ғимараттан тұрады. Оқу ғимараты екі қабатты, 2016 жылы 2 қабатты оқу ғимараты пайдалануға берілген,. Типтік жобада,

кірпіштен салынған. Жобалық қуаты 75 балаға арналған.. 2- қабатты оқу ғимараттың жалпы ауданы 1200, жұмыс ауданы 1067 ш.м.. Мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген.

«Саржаз» шағын жинақты негізгі орта мектеп ғимараты 13- қосымшаға сәйкес кестені және дәлелдейтін құжаттарды, материалдық активтер жедел басқару құқығында, санитарлық нормаларға және өртқауіпсіздігі талаптарына сәйкес екендігін дәлелдейтін құжаттар ұсынылады.

Мектепте оқу бөлмесі 6 – оқу бөлмесі, 1 – компьютер бөлмесі, 1 – кітапхана, 1 –спорт зал, 1- медициналық бөлме, гардероб, қызметтік бөлмелер, қосымша персоналдарға арналған бөлмелер, асхана бар. Әжетханалар ғимарат ішінде орналасқан. Мектеп ауласында 1- үлкен футбол алаң бар. Мектептің жылыу жүйесі, таза ауыз суы мен кәріз құбырлары орталықтандырылған. Мектептің жобалық қуатына сәйкес сыныптарда бір білім алушыға шаққанда 2,5 шаршы метр нормаға сай келеді.

Спорт зал 1 қабатта орналасқан, 1- үлкен спорт зал . Үлкен спорт залдың ауданы 216ш.м бұл жерде ұлдарға және қыздарға арналған киім ауыстыратын бөлмелер қарастырылған, киім ауыстыратын бөлмелерде киім ілгіштер қойылған. Спорт залдың еденінде арнайы коврик төселген. Жылыту радиаторлары арнайы фанерлермен қапталған, терезелері темір секталармен қоршалған.

Мектеп орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген, ауыз су құбырлармен мектеп ішіне кіргізілген. Қолданыстағы гигиеналық нормативтердің талаптарына судың химиялық және микробиологиялық зертханалық зерттеу нәтижелері сәйкес келеді. Оқушылар мен персоналдардың қолдарын өңдеуге арналған антисептигі бар, санитайзерлер

орнатылған. Оқушылар мен қызметкерлерге арналған санитарлық тораптарда сұйық сабын, дозаторларда қолға арналған дезинфекциялық құралдар, бір реттік қағаз сүрткіштер, қол жуу қағидалары бар плакаттар ілінген. Ғимарат ішінде 2 дәретханалар бар оның 1 - қыздарға арналған, 1 – ұлдарға арналған. Әжетханаларда жалпы 4-унитаз, ұлдар әжетханасында 2 -унитаз, қыздар әжетханасында 2-унитаз балалар писсуары 2 дана

Раковина әжетханаларда бір – бірден қол жууға арналаған раковиналар бар, ұлдар әжетханасында 1-раковина, қыздар әжетханасында 1-раковина.,асханада - 2раковина, бар,

Мектептің ішіне және сыртқы периметрлеріне бейнебақылау камералары орнатылған. Жалпы мектепте 24 бақылау камерасы бар, 10- дана бейне бақылау камерасы сыртқы периметрге орналасқан, 14-дана бақылау камерасы ішке орналасқан. 2023 жыл 8 дана бейнебақылау жүйесі бөлек орнатылды. Жалпы бейнебақылау жүйесі 24 болды. Мектепкедабыл нүктесі орнатылды.

Медициналық бөлме: - Егіу бөлмесі- 8 кв/м			
25	Дәрілер сақталатын шкаф стекло	дана	1
26	Қушетка	дана	2
27	Холодильник	дана	2

29	Бактериялық сәулелендіргіш	дана	2
30	Класс А шелегі	дана	3
31	Класс Б шелегі	дана	2
32	Қол жууаға арналған раковина	дана	2
Жұмыс, жазу бөлмесі – 8кв/м			
34	Жұмыс солы	дана	2
35	Орындық	дана	3
37	Киім ілгіш (темір)	дана	1
38	Шкаф полкі (әйнек)	дана	1
№ 11 Химия кабинеті -58,30 кв/м			
48	Тақта	дана	1
49	Мұғалім столы	дана	1
50	Мұғалім орындығы	дана	1
52	Парта	дана	1
53	Орындық	дана	1
55	Шкаф ашық полка	дана	1
56	Итеракивті тақта	дана	1
57	Компьютер	дана	1
58	Проектор	дана	1
59	Проекторға арналған төбелік бекіткіш	дана	1
60	Менделеев кестесі стенд	дана	1
61	Ерігіштік кестесі стенд	дана	1
62	Органикалық заттардың класы стенд	дана	1
Қазақ тілі кабинеттері 57,8 кв/м			
	Мұғалім орындығы	дана	1
	Мұғалім столы	дана	1
	тақта	дана	1
	парта	дана	12
	орындық	дана	24
	Стенд	дана	4

5.3 Мектеп асханасы жайлы мәлімет

«Саржаз» шағын жинақты негізгі орта мектебі мектеп ғимаратында 20 орынға арналған асхана бар.. Созақ ауданының тұтынушылардың құқықтарын қамтамасыз ету басқармасынан берілген санитарлық – эпидемиологиялық қортындысы 02.09.2021 жылы № 415 берілген.

Созақ аудандық білім бөлімінің басшысы Н.Айдаров пен Өнім беруші деп аталатын «БЕНД-Стройсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Абилпаттаев Ержан Бақытжановичпен келісім шарт түзілген. Мектептің асханасына берілген санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы <http://www.elicense.kz/базасына> енгізілген, мектептің сайт порталына ұсынылған.

1. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор.

Мектепте 2021 жылдың қыркүйек айына дейін 102 дана кітап қоры болды .Осы 2021-2022оқу жылында жалпы құны 613 тенге құрайтын 1987 дана оқулықтар мен дәптерлердің әдістемелердің тозуына байланыстыбаланыстық есептен шығарылды. Қазіргі таңда 43929 жалпы кітап қоры бар.

Мектеп оқушылары 100% оқулықтармен қамтылған.

	Кітаптың қоры мен кітаптың берілуі жайлы бақылау көрсеткіші	2023-2024ж
1	Мектеп кітапханаларының саны (Количество школьных библиотек)	1
2	Кітаптар саны (мектеп оқулықтарын,көркем әдебиетті,кітапшаларды,журналдарды қосқанда)(мың экз) Количество книг(включая школьные учебники,художественная литература,братшюры,журналы)(тыс экз)	3107
3	Оның ішіндегі мектеп оқулықтары(В. Т. Ч.школьных учебников)	2279
4	Қордың өсуі (Рост фонда)	
5	Жаңа буын оқулықтар саны(Количество учебников нового поколения)	
6	Оқырмандар саны(Количество читателей)	78
7	Кітапханаға оқырмандар бару саны (адам) Количество посещений библиотеки(человек)	78
8	Қазақ тіліндегі кітаптар саны (Количество книг на казахском языке)	1625
9	Кітап беру саны (Количество книговыдачи)	
10	Кітапханашылар саны (адам)(Количество библиотекарей)(человек)	1
11	Кітапханалық білімі бар кітапханашыларсаны (Количество библиотекарей сбиблиотечным образованием)	1
12	Оқу залдарының саны (Количество читальных залов)	1
13	Оқу залдарындағы отыратын орын саны (Количество посадочных мест в читальных залах)	10
14	Кітапхана ауданы (шаршы метр) (Площадь библиотеки (кв мет)	24,38

1. Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Бастауыш сатыда 2-сыныптан бастап 7 оқу пәндері бойынша білім Алушылар бағаланады, яғни бөлім бойынша және тоқсандықжиынтық жұмыстар орындалады, сабақ барысында формативті бағалау жүргізіледі. 5 және 6-сыныптарда білім алушылар 9 оқу пәндері бойынша; 7 және 8-сыныптарда 13 оқу пәндері бойынша, 9, 14 оқу пәндері бойынша бағаланады. Білім алушылардың дайындық деңгейі үш аспект бойынша бағаланады:

- 1) тұлғалық нәтижелер;
- 2) жүйелік-әрекеттік нәтижелер;
- 3) пәндік нәтижелер.

Тұлғалық нәтижелер:

- Қазақстан Республикасы Конституциясына, тәртіп сақтау ережелері мен Заңдарына құрмет көрсетуінен;
 - Белсенді азаматтық ұстанымын, жоғарыпатриоттық сезімінк өрсете білуінен, өз Отанына қызмет етуге және оның мүддесін қорғауға дайын болуынан;
 - Мемлекеттік тілді және өз ана тілін білуінен, қаза қхалқының және Қазақстан аумағында өмір сүріп жатқан басқа да ұлыстардың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне және басқа құндылықтарына құрметпен қарауынан;
 - Өз елінің, туған өлкесінің табиғатын сақтауға және көркейтуге ұмтылуынан, қоршаған ортаны қорғауда белсенділік танытуынан;
 - Салауатты өмірсалтын ұстануынан, өз қауіпсіздігі мен айналасындағы Адамдардыңқауіпсіздігін сақтауға үйренуінен;
 - Адамдармен қарым-қатынаста жоғары мәдениеттілік танытуынан, Этикалық нормаларды сақтай білуінен;
 - Өздігінен білім алуға, өмірден ө зорнын табуға және жасампаз еңбекке қабілеттілігінен;
 - Үлкендерге құрметпен, кішілерге қамқорлықпен қарап, айналасына мейірімді, кішіпейілді бола білуінен;
 - Әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін дұрыс бағалай алуынан, қоғамға жат құбылыстарға, идеологиялық, құқыққа қайшы және діни сипаттағы деструктивті әрекетке қарсы тұра білуінен көрініс табады.
- Тұлғалық нәтижелер білім алушының тәрбиелілігі, әлеуметтенуі, рухани адамгершілік, шығармашылық және дене дамуы деңгейінің психологиялық педагогикалық мониторингісі түрінде бағаланады.

Жүйелік-әрекеттік нәтижелер:

- Адамзат қоғамының өркендеуі үшін ғылыми жетістіктерді пайдалану аясы мен ғылым негіздері бойынша жүйелі білімін меңгеруінен;
- Ғылыми ақпаратты талдай, өңдей, жинақтай және қолдана білуінен;

- таным, жобалау, құрастыру, зерттеу және шығармашылықпен қолдану әдістерін меңгеруінен;
- заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруінен;
- жоғары деңгейдегі коммуникативтік қабілеттілігі мен көптілді мәдениеттілігінен көрініс табады.

- Жүйелік-әрекеттік нәтижелер білім алушының пәндік олимпиадалар, Таңдау курстары, шығармашылық оқу жобалары, сондай-ақ зерттеу жұмыстарының басқа да түрлері бойынша қол жеткізген жетістіктері мен анықталады.

Пәндік нәтижелер

Білім алушылардың білімнің базалық мазмұнын меңгеруі барысында пәндік нәтижелер білімдік және іс-әрекеттік дайындығынан көрінеді және базалық деңгейде, бейіналдыжетікденгейде (таңдап алған пәндерді тереңдетіп оқытатын үлгілік оқу жоспарларының негізінде) белгіленеді. Білім алушылардың оқу пәндерін игеруінің базалық деңгейі білімнің міндетті минимум көлемін және

Олардың біліктілігі мен дағдыларын қамтиды. Білім мазмұнын меңгерудің пәндік нәтижелері 10 балды қбағалау жүйесімен бағаланады.

Мектептегі білім беру жүйесінің жұмыс істеу нәтижелері білім алушылар мен түлектердің білім сапасымен, жетістік деңгейімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжымның алдында білім беру ортасының инновациялық әлеуеті негізінде қызметтің сапалық көрсеткіштерін үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету міндеті тұр.

2023– 2024 оқу жылындағы сыныптар бойынша білім сапасы мен оқу үлгерімі

№	Параллель	Оқушылар саны	Оқу озаты	Екпінділер	Үлгерушілер	Үлгермеуші	Бір пән бойынша "4"	Бір пән бойынша "3"	Білім сапасы %	Үлгерім сапасы %	Орташа балл
1	2 Сынып	8	2	6	0	0	0	0	100.0%	100%	4,3

2	3 Сынып	7	1	4	2	0	1	1	71.4%	100%	4,02
3	4 Сынып	6	2	1	3	0	0	0	50%	100%	4,01
4	5 Сынып	6	2	2	2	0	0	0	66.6%	100%	4,03
5	6 Сынып	7	1	4	2	0	1	0	71.4%	100%	4,10
6	7 Сынып	12	1	4	7	0	0	0	41.6%	100%	3,7
7	8 Сынып	7	1	3	3	0	1	0	36.3%	100%	3,7
8	9 Сынып	8	2	1	5	0	0	0	37%	100%	3,8
	Барлығы	61	12	25	24	0	3	1	55%	100%	3,8

Оқу жылы барысында сыныпты басқаруда және оқыту сапасында проблемаларды қарастырып пән мұғалімінің мотивациясы төмен оқушылармен жеке жұмысы және мотивациясы жоғары балалармен сараланған жұмыстарды жүргізу, мұғалімдердің инновациялық технологияларды пайдалануын қадағалау, пән мұғалімдеріне сабаққа әдістемелік дайындықты күшейту, сабақта әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану, үлгерімі төмен оқушылармен оққылықтарды жою бойынша жұмысты жалғастыру, тағы басқа мәселелермен жүйелі жұмыстардың болуы нәтижесінде білім сапасының артты.

Пәндер бойынша білім сапасы (дәрежелер бойынша)

ДБҚ-ҚСБІ мектебі білімнің сапасы туралы қорытынды есепінің нәтижесінде ҚСБІ-нің білім сапасының деңгейі туралы қорытынды есепі

пән	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1	4,4	3,7	3,4	3,5	3,7	3,8	3,9	4,0	4,1
2	3,1	2,1	2,1	2,1	2,1	2,1	2,1	2,1	2,1
3	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
4	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
5	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
6	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
7	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
8	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
9	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
10	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
11	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
12	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
13	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
14	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
15	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
16	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
17	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
18	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
19	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
20	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
21	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
22	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
23	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1
24	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1	3,1

«Сарыағаш» мектебінің білім сапасы туралы қорытынды есепінің нәтижесінде ҚСБІ-нің білім сапасының деңгейі туралы қорытынды есепі

№	Пән атауы	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1	Математика (1-6)	60,3	4,2	69,3	4,7	-	-	-	-	-
2	Алғабұла	48,1	3,8	46,3	3,8	-2	-	-	-	-
3	География	48,8	2,7	38,4	3,6	-10	-	-	-	-
4	Физика	59,25	3,8	80	3,7	-8	-	-	-	-
5	Биология	-	-	66,6	4,1	-	-	-	-	-
6	Ағылшын	57,9	3,8	53,8	3,8	-9,3	-	-	-	-
7	Химия	60	3,8	69,2	4	-9	-	-	-	-
8	Тарих	55,3	3,8	65,3	3,9	-10	-	-	-	-
9	Жаратылыстану	83,7	4,3	56,9	4,3	-8,8	-	-	-	-
10	Қазақ тілі	67,2	4	73,7	4	-8	-	-	-	-
11	Дүниесіз табиғат	-	-	69,2	4,1	-	-	-	-	-
12	Құрылым табиғат	-	-	100	4,2	-	-	-	-	-
13	Қазақ тілі	67,3	3,9	60,2	3,6	-7	-	-	-	-
14	Ағылшын	62,2	3,9	44,1	4	-2	-	-	-	-
15	Қазақ тілі	72,5	4	74,3	4,1	-2	-	-	-	-
16	Ағылшын тілі	59,8	3,9	55,8	3,8	-4	-	-	-	-
17	Ағылшын тілі	78	3,8	84	3,8	-1	-	-	-	-
18	Ағылшын тілі	108	4,7	99	4,7	-5	-	-	-	-
19	Математика	78,1	4	80	4,1	-1	-	-	-	-
20	Жаратылыстану	108	4,3	98	4,3	-9	-	-	-	-
21	Ағылшын тілі	-	-	108	4,3	-	-	-	-	-
22	Қазақ тілі	89,8	4	93	4,2	-5	-	-	-	-
23	Ағылшын тілі	90	4,2	90	4,2	0	-	-	-	-
24	Ағылшын тілі	83	3,9	80	4,2	-1	-	-	-	-
25	Т-4 сыныптар	88,3	4,1	89,2	4,2	-1	-	-	-	-
26	Жазық	75,8	3,9	76,8	4,1	-1	-	-	-	-

Қорытынды аттестаттау ҚР БҒМ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты білім алушылардың негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес пән бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру дәрежесін анықтау болып табылады.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының көшірмелері қоса беріледі.

Қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша пәндердің рейтингісі

9 сыныптардың қорытынды аттестаттау нәтижесі

Пәні	2023 – 2024 оқу жылы	
	Үлгерімі	Білім сапасы
Ана тілі (қазақ тілі)	100%	50%
Алгебра	100%	62,5%
Орыс тілі мен әдебиеті	100%	50%
География	100%	100%





2023-2024 оқу «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008

жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау, 9-сыныптарда 4 пән бойынша жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында 9 сыныптар бойынша 2 оқушы Бектан Бекжігіт, Қаржаубай Сымбат негізгі орта білім туралы үздік аттестат иегерлері болды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім алушылардың білімдерін бағалау критерийлерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін де ескере отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін өлшеу үшін пайдаланылады.

Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінде бағалау 2023-2024 оқу жылынан бастап 1-сыныпта бағалау жүргізілмеді.

2-9-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін формативті бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүзеге асырылады. Кері байланыс беру үшін электронды журналдың рубрикаторларын пайдаланды.

Мұғалім бағалауды мұғалімдерге, ата-аналар мен білім алушыларға көмек ретінде әзірленген нормативтік-құқықтық актілер мен әдістемелік материалдарға сәйкес өткізуі тиіс:

✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;

✓ әр оқу жылына арналған «Қазақстан Республикасының

жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты;

- ✓ Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық;
- ✓ Негізгі және орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық: оқу-әдістемелік құрал;
- ✓ Сыныптар, пәндер мен тілдер бөлінісінде қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы;
- ✓ Сыныптар, пәндер мен тілдер бөлінісінде жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар жинағы;
- ✓ Сыныптар, пәндер мен тілдер бөлінісінде жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсынымдама.

Жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу, сараптама жасау, модерация жүргізу үшін мектепте шығармашылық топ құрылған. Шығармашылық топ құрамына жетекшісі болып мектеп үйлестірушісі, мүшелері болып әр бірлестік жетекшілері мен физика, тарих және орыс тілі пәндерінің мұғалімдері және Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жетілдіру шеңберінде пәндер бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған оқу курсына қатысқан мұғалімдер кіреді. Жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды сараптауды шығармашылық топтың мүшелері жүзеге асырады.

Жиынтық бағалауды мұғалім бағалау критерийлеріне сәйкес қолданады. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау критериалды бағалау ережесіне сәйкес өткізіледі. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер саны жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік нұсқау хат бойынша жүргізіледі және әр пәннің жиынтық бағалауы бойынша спецификацияға сүйене отырып дайын үлгідегі жиынтық бағалау тапсырмаларын бастапқы оқу жылдары қолданыста болды. Қазіргі таңда пән мұғалімдері жиынтық бағалау тапсырмаларын өздері құрастырады.

Білім алушылардың бөлім және тоқсан бойынша алынатын жиынтық бағалауда қамтылатын оқу мақсаттарының саны мен алынатын тапсырмалардың түрлері: ашық және жабық тапсырмаларды қамтуы, күрделілігі шамадан тыс болмауы және де сыныптар бойынша шектік баллдан аспауы үнемі қадағаланады. Әр пән мұғалімі алынған бөлім бойынша жиынтық бағалаудың мониторингісін тоқсан сайын шығарып, салыстырмалы сипаттамаларын жүргізіп, тоқсандық жиынтық бойынша модерация хаттамалары толтырылады.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес тоқсан сайын бөлім бойынша және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың жүргізілуі және уақытылы электронды күнделікке енгізілуі сарапталынады.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес ТЖБ алу кестесі бойынша

бір күнде бір сыныптан 3 сабақтан артық ТЖБ алынбайды.

Ата-аналарға bilimland.kz сайтында өзінің логині мен құпия сөзі арқылы «Балалар» - «bilimland» бөліміндегі өз баласының электронды күнделігіне кіріп, бағалары мен үй тапсырмаларын күнделікте көріп, бақылап отырады.

Мұғалімнің кері байланысы орындалған тапсырмалар бойынша түсініктемелер, рубрика, ұсыныстар беру арқылы жүзеге асырылады.

БЖБ және ТЖБ қорытындысы " bilimland. kz" электронды журналға енгізілген. *МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу);*

2) *МЖМБС бекіткен тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген оқытудың күтілетін нәтижелері 4, 9, білім алушылардың жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау және білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру.*

Білім алушылардың білім сапасын, іскерлігін және дағдыларын бағалау ведомостарының көшірмелері, оның ішінде осы Критерийлерге 15 және 16- қосымшаларға сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).

2023-2024 оқу жылдарындағы бітіруші сыныптар 9 сынып оқушыларының білім сапасының көрсеткіші

Оқу жылы	2023-2024 о/ж	
Бітіруші сыныптар	Оқушы саны	Білім сапасы
9-сынып	8	65,5%

Бұл кестеге сәйкес үш жыл ішінде 9 сынып оқушыларының үлгерімі мен білім сапасын көруге болады. Егер 9 -сыныпта білім сапасы тұрақты болмаса, 9 -сынып оқушыларының көпшілігі оқуын мектептің 10-сыныбында жалғастырады немесе колледждерге барады.

2. Бағалау қорытындысы:

Түркістан облысы білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Саржаз» шағын жинақты негізгі орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалаудың өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2024 жылдың 27 мамыр – 07 маусым аралығында мектептің өзін –өзі бағалауы жүргізілді және оның қорытындысы төмендегідей:

мектепте өзін –өзі бағалауды ұйымдастыруда «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» «Өзін- өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу» іс- шаралар жоспарына сәйкес орындалды. Өзін – өзі бағалауды жүргізу барысында барлық комиссия құрамы өзіне жүктелген міндеттемелерді өз деңгейінде орындады. Педагогикалық ұжым мүшелері

толық қамтылып, оқушылармен жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарының негізінде анықталды және аналитикалық талдау жасалды.

- Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі 100 пайызды құрайды.

- Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі -73 пайызды құрайды.

- Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі -100 пайызды құрайды.

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі -37 пайызды құрайды

- Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалған. (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояу)

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі-100 пайызды құрайды

- Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)-100 пайызды құрайды.

